

Қазақстан Республикасы  
Ақтөбе қаласы  
«№48 жалпы білім беретін  
орта мектебі»  
қоспағандық мемлекеттік  
мекемесі  
№ 172  
08.08.2021 ж.

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ  
басшысы М.О.Қосымбаеваға  
«№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ  
әкімшілігінен

### Сұраныс

Сізден, «№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ әкімшілігі  
«Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №1503  
«Қамқоршылық кеңесінің» құрамын бекіту туралы бұйрығына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізуіңізді сұрайды.

Негізі: «Қамқоршылық кеңес» құрамының өзгеруіне байланысты.

Сұранысқа №1 қосымша қоса жалғанады.

Мектеп директоры



А.К.Ильясов

1) «№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-де Қамқоршылық кеңес мүшелігі құрамынан төмендегі алты кандидатты өз өтініштері негізінде шығаруға:

1. Жаканов Еркін Молдагулович
2. Алдияров Ғизат Алдиярович
3. Таубаева Жаньлсын Каримовна
4. Айтешова Гүлдана Кенжеситовна
5. Тлеубергенова Мадина
6. Тутасбаева Даметкен Изимовна

2) «№ 48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің «Қамқоршылық кеңес» мүшелерін төмендегі тізімде, жаңа құрамда бекітуге:

| № | Кандидатуралардың аты-жөні        | Атқаратын қызметтері                                 | Кеңестік лауазымы            |
|---|-----------------------------------|--|------------------------------|
| 1 | Жиентай Доктырбай Әлтенұлы        | Жеке кәсіпкер (демеуші)                              | Қамқоршылық кеңес төрағасы   |
| 2 | Абдрахманова Жұлдыз Коныскалиевна | Ата-ана  | Қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 3 | Сарина Бибит Ароновна             | Ата-ана  | Қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 4 | Шарипов Алшынбай Муфтуллович      | Жеке кәсіпкер (жұмыс беруші)                         | Қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 5 | Купбаева Айғайша Турарбековна     | ГП №1 «Балалар бөлімінің» меңгерушісі (жұмыс беруші) | Қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 6 | Канбаев Муратбек Сабинович        | Байланыс колледжі директорының орынбасары (демеуші)  | Қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 7 | Мухамеджанова Гульмира            | Теміржол вокзалында-инженер технолог (демеуші)       | Қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 8 | Танатова Рыскуль Есиркепқызы      | Ата-ана  | Қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 9 | Балшиқбаева Айгерім Асқатовна     | «Халық банк» - менеджер (жұмыс беруші)               | Қамқоршылық кеңесінің мүшесі |



А.К.Ильясов





**БҮЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

20 21 ЖЫЛҒЫ « 02 » 09  
Ақтөбе қ.

№ 250

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ года  
г.Ақтөбе

**Қамқоршылық кеңес құрамына  
өзгеріс енгізу**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар 02.04.2018 №123) «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне сәйкес

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. Ақтөбе қалалық білім бөлімі басшысының 2019 жылғы 05 қарашасының №1490 «Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізілсін.
2. «№18 орта мектебі» КММ, «№37 орта мектебі» КММ, «№65 ЖББОМ» КММ, «№48 ЖББОМ» КММ, «№4 ЖББОМ» КММ, «№34 орта мектебі» КММ, «№25 ЖББОМ» КММ, «№9 орта мектеп-гимназия» КММ, «№45 ЖББОМ» КММ, «№24 лингвистикалық мектеп-гимназия» КММ, «Благодар орта мектебі» КММ, «№44 ауысымдық (кешкі) жалпы білім беретін мектеп» КММ сұраныстары негізінде қамқоршылық кеңесінің құрамы қосымшаға сәйкес өзгертіліп, қайта бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындауын қадағалау жалпы орта және мектепке дейінгі білім беру секторының меңгерушісі Г.Алдияроваға жүктелсін.

Ақтөбе қаласы білім  
бөлімі басшысы



М.Қосымбаева

**«№48 ЖББОМ» КММ**

|   |                                   |              |           |
|---|-----------------------------------|--------------|-----------|
| 1 | Жиентай Доктырбай Әлтенұлы        | Кенес мүшесі | С.Нол     |
| 2 | Абдрахманова Жұлдыз Қоныскалиевна | Кеңес мүшесі | а         |
| 3 | Сарина Бибит Ароновна             | Кеңес мүшесі | а         |
| 4 | Шарипов Алшынбай Муфтуллович      | Кеңес мүшесі | ЖТ        |
| 5 | Купбаева Айгайша Турарбековна     | Кеңес мүшесі | ЖТ, покин |
| 6 | Канбаев Муратбек Сабирович        | Кеңес мүшесі | Ж.Б       |
| 7 | Мухамеджанова Гульмира            | Кеңес мүшесі | а         |
| 8 | Танатова Рыскуль Есиркепқызы      | Кеңес мүшесі | а         |
| 9 | Балшикбаева Айгерім Асқатовна     | Кеңес мүшесі | а         |

**«№4 ЖББОМ» КММ**

|   |                                    |                |
|---|------------------------------------|----------------|
| 1 | Алдабергенова Жанипа Асановна      | Кенес төрағасы |
| 2 | Каратаев Абат Даулеткереевич       | Кеңес мүшесі   |
| 3 | Чайкин Анатолии Анатольевич        | Кеңес мүшесі   |
| 4 | Нурбаев Рахметолла Байдоллаевич    | Кеңес мүшесі   |
| 5 | Камбаров Жолдас Бөлекұлы           | Кеңес мүшесі   |
| 6 | Абдрахманов Асқарбек Абдрахманович | Кеңес мүшесі   |
| 7 | Маймакова Сандугаш Нургалиевна     | Кеңес мүшесі   |
| 8 | Ақжулова Гүлмира                   | Кеңес мүшесі   |
| 9 | Карабалина Гүлназым Умбеткалиевна  | Кеңес мүшесі   |


**«№34 орта мектебі» КММ**

|   |                                  |                |
|---|----------------------------------|----------------|
| 1 | Кокимова Айнагуль Айжариковна    | Кенес төрағасы |
| 2 | Мұқанов Әлімбек Серғалиұлы       | Кеңес мүшесі   |
| 3 | Сагинтаева Калия Сагинтаевна     | Кеңес мүшесі   |
| 4 | Құдайберген Орал Болатович       | Кеңес мүшесі   |
| 5 | Мурсалова Акмарал Аманғалиевна   | Кеңес мүшесі   |
| 6 | Аймағамбетов Еділ Қонайұлы       | Кеңес мүшесі   |
| 7 | Даржанов Сакен Арыстанғалиұлы    | Кеңес мүшесі   |
| 8 | Избасханова Бағымжан Ерсегізқызы | Кеңес мүшесі   |
| 9 | Балышов Ұбынғабас Бақытович      | Кеңес мүшесі   |

**«№25 ЖББОМ» КММ**

|   |                             |                |
|---|-----------------------------|----------------|
| 1 | Грубьяк Юлия Анатольевна    | Кенес төрағасы |
| 2 | Алиева Вэфа Сафаркулқызы    | Кеңес мүшесі   |
| 3 | Иржанова Гульнар Куанышевна | Кеңес мүшесі   |
| 4 | Аметова Дина Усмановна      | Кеңес мүшесі   |
| 5 | Муратова Гульсим Муратовна  | Кеңес мүшесі   |
| 6 | Махатов Куаныш Какимович    | Кеңес мүшесі   |
| 7 | Избасова Асель Сисенбаевна  | Кеңес мүшесі   |
| 8 | Шишневна Анна Александровна | Кеңес мүшесі   |
| 9 | Радецкая Алена Игоревна     | Кеңес мүшесі   |



  
 Бекітемін:  
 Қамқоршылық кеңес төрағасы Д.Ә.Жиентай  
 «11» қаңтар 2021 жыл

Ақтөбе қалалық «№48 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ  
 Қамқоршылық кеңесінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспары

| Ай атауы  | Қаралатын сұрақтар   | Сұрақ дайындауға жауапты  |
|---|--|---|
| <b>Қаңтар</b><br><b>№1 отырыс</b><br><i>15.01.21</i>    | Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру жөнінде (төрағаны және хатшыны сайлау)  | ҚК хатшысы<br>М. Куантаева  |
|   | Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарын бекіту  | Кеңес мүшелері  |
|   | Мектепте қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру туралы  | АӘД мұғалімі<br>Б.К.Бисенов   |
|   | Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары туралы   | Мектеп директоры<br>А.К.Ильясов                                       |
| <b>Мамыр</b><br><b>№2 отырыс</b><br><i>25.03.21</i>     | Өткен отырыс бойынша қабылданған қаулылар бойынша  | Қамқоршылық кеңес төрағасы<br>Д.Ә.Жиентай<br>Комиссия мүшелері        |
|   | Оқушылардың жазғы демалысы мен еңбегін ұйымдастыру, мектептің мүдделі тараптармен оқушыларды жұмысқа орналастыру сұрақтарын шешу                               | Директордың тәрбие ісі жөн.орынбасары<br>А.М.Кулбасова                |
|   | Мектепте оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру шаралары (салтанатты жиын, мектеп бітіру емтихандары, мектеп бітірушілер кеші)                                      | Директордың оқу-тәрбие ісі жөн.орынбасары<br>Ж.Ж.Жубатова             |
|   | Мектептің материалдық-техникалық базасының жағдайы, оны одан әрі нығайтудың жолдары жөнінде  | Директордың шаруашылық ісі жөн.орынбасары<br>Ж.У.Джумагулова          |
| <b>Тамыз</b><br><b>№3 отырыс</b><br><i>12.09.21</i>     | Мектеп түлектерінің орналасуы туралы   | Директордың тәрбие ісі жөн.орынбасары<br>А.М.Кулбасова                |
|   | «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы аясында арнайы категориядағы аз қамтылған отбасындағы балаларға көрсетілген көмек және жүргізілген жұмыстар туралы. | Әлеуметтік педагог<br>Е.С.Удин  |
| <i>18.08.21</i>   | 2021-2022 оқу жылына жаңартылған білім мазмұнына негізделген оқу жүйесін ұйымдастырудың құжаттарын талдау  | Мектеп әдіскері<br>М.Т.Индиева<br><i>ауаі арнағи н.ста кетам</i>      |
| <b>Желтоқсан</b><br><b>№4 отырыс</b><br><i>28.12.21</i> | Қамқоршылық кеңестің жылдық есебі  | ҚК төрағасы<br>Д.Ә.Жиентай  |
|   | Мектеп оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары туралы   | Директордың тәрбие ісі жөн.орынбасары<br>А.М.Кулбасова                |
|   | Ата-анасының қамқорынысыз қалған, аз қамтылған, жетім балаларға көрсетілген көмектер және осы бағыттағы атқарылған жұмыстар туралы                             | Әлеуметтік педагог<br>Мектеп психологы<br>Е.С.Удин<br>Г.К.Сағындықова |
|   | Мектеп қаражатының және қамқоршылық есеп шотындағы қаражатты пайдалану бойынша есебі   | Мектеп директоры<br>А.К.Ильясов                                       |



Ақтөбе қаласы

15.01.2021ж

Қамқоршылық кеңес отырысы

Қатысқандар:

1. Жиентай Д.А. – кеңес төрағасы
2. Абдрахманова Ж.К. – кеңес мүшесі
3. Айтешова Г.К. – кеңес мүшесі
4. Жаканов Е.М. – кеңес мүшесі
5. Таубаева Ж.К. – кеңес мүшесі
6. Сарина Б.А. – кеңес мүшесі
7. Ильясов А.К. - мектеп директоры
8. Кунантаева М.К. - хатшы

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру жөнінде (төрағаны және хатшыны сайлау);
2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарын бекіту (Кеңес мүшелері)
3. Мектепте қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру туралы (АӘД мұғалімі Бисенов Б.К.);
4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу жұмыстары туралы (Ильясов А.К).

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесі Е.М.Жаканов сөз алып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығын негізге ала отырып (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелген) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес бұйрықты басшылыққа алып қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын түсіндірді. Осы бұйрықтың талабымен «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 22 қазандағы № 501 бұйрығының және 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 715 бұйрығының күші жойылды деп есептелінетінін мәлім етті. Осыған сәйкес дайындалып тұжырымдалған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын ұсынды. Сонымен қатар сөз алушы қамқоршылық кеңестің құрамы, құрылымы, қызметі жөнінде айта келіп, кеңес жұмысының мақсаттары мен негізгі бағыттарына тоқталды. Мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағалығына осы қамқоршылық кеңес мектепте құрылғаннан бастап төраға болып қызмет атқарып келе жатқан тәжірибелі Д.А.Жиентайды қайта ұсынды. Мектептің қамқоршылық кеңесін ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, басқа да мүдделі ұйымдармен өзара бірлесіп жақсы қарым-қатынаста жұмыс жасауға, мектептің әлеуметтік-мәдени іс шараларына барынша атсалысуға, мектептің дамуына, әлеуетінің одан әрі жақсаруы үшін



көмек көрсетуге шақырды. Сөз алушы кеңес мүшелері М.Ә.Тлеубергенова, Ж.К.Абдрахмановалар қамқоршылық кеңес төрағалығына ұсынылған үміткерді жақсы мінездемелеп, аталмыш міндетті орындауға лайықты тұлға ретінде танытындарын айтып, бірауыздан қолдау керектігін білдірді. Мектеп директоры қосымша сөз алып хатшылыққа мектеп мұғалімі М.К.Кунантаеваны ұсынды. Мұғалім туралы жақсы мінездемелер берді. Осы ұсыныстар дауысқа салынып, бірауыздан Д.Жиентай төраға болып сайланды.

Екінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Д.Жиентай 2021 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасын ұсынды. Кеңес мүшелері Б.А.Сарина, Ж.К.Таубаева, Г.К. Айтешева өздерінің ұсыныстарымен шығып, сөзжарыстан кейін ортақ мәмілеге келген ағымдағы жылдың жұмыс жоспары нақтыланып, бекітілді.

Үшінші мәселе бойынша мектепте қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру туралы АӘТД жетекшісі Б.К. Бисенов хабарлама жасады. Ол бүгінгі күннің талабына сәйкес бекітілген ережеге ішінара өзгерістер енгізудің мақсаты Қазақстан Республикасы жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу және дамыту, оқушыларға мектепте білім алуға қолайлы жағдай туғызу және мектеп маңайында оқушылардың жүріп тұруына қауіпсіздік жасау, мектептің, өзінің және басқаның мүлкін, мектеп ауласындағы тазалық пен тәртіпті сақтауға және ұстаздар мен басқа жұмыскерлердің еңбегіне құрметпен қарау деп атап өтті. Сонымен бірге сабақ кезінде мұғалімнің немесе оқу меңгерушісінің рұқсатынсыз мектептен және оның маңайынан, өз бетінше спорттық, мәдени және сыныптан тыс шаралардан кетуге болмайтыны, мектепте және оның маңайына жарылғыш, жанғыш, сұйық заттарды, пиротехникалық бұйымдарды, газ баллондарын, шылым мен спирттік ішімдіктерді, есеңгірететін және уландыратын заттарды әкеліп пайдалануға қатаң тыйым салынатыны, сол үшін мектеп кіре берісінде металл іздеу стационарлы және қозғалмалы қондырғылардың орнатылағанын және барлық мұғалімдер мен оқушылар міндетті түрде осы қондырғы арқылы мектеп ғимаратына кіргізіліп жатырғанын айтып өтті. Әлемде көш көрсету, террорлық әрекеттер, мектепке келіп қару қолдану, улы және жарылғыш заттарды қолдану арқылы қауіп туғызу фактілері көптеп кездесуде. Осыған байланысты алдағы оқу жылында мектептің кіре берісінде дабыл қнопкаларын орнату, бейнебақылау камераларын көбейту, мектеп күзетін арнайы дайындықтан өткен адамдармен ауыстыру сияқты міндеттер тұр. Барлығы ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Облыстық білім басқармасының қолдауымен іске асатын шаралар. Осы бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр.

Төртінші мәселе бойынша мектеп директоры сөз алып, өз сөзінде төмендегі негізгі мәселелерге тоқтала кетті:

Сыбайлас жемқорлық ағаш тамырына түскен құрт сияқты мемлекеттік құрылысты да бұзатын жаман әрекет. Осы дерттің алдын – алу мақсатында мектеп үш бағытта жұмыс жасайды. Бірінші бағыт – мектеп оқушылары, екінші бағыт – мектеп ата – аналары, үшінші бағыт – мектеп ұжымы. Ал, жұмыс негізгі төмендегі түрлерден тұрады:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын – алуға арналған іс-шаралар ұйымдастыру;
2. Сыбайлас жемқорлық туындайтын себептерді жою;
3. Сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау, зерттеу және жазалау;

Осының ішінде оқушылардың бойында адалдық, мейірімділік, имандылық және патриоттық сезімдерді дамыта отырып, балалардың жемқорлыққа деген ұстанымын қалыптастыру жұмыстарына көп мән беріледі. Мысалы, мектепте «Адалдық алаңы», «Адалдық дүкені» ұйымдастырылды. Ал, ата – аналар мен ұстаздардың құқықтық білімін көтеру мақсатында негізгі ҚР заңдарымен таныстыру, оқыту, әңгімелесу әдістерімен жұмыстар жүргізіледі. Алдағы уақытта осы жұмысқа мектеп әкімшілігінен басқа қала


деңгейіндегі мамандар, қоғамдық ұйымдар, мектеп ата – аналарының жетекші топтарын тарту көзделуде. Осыған қосымша қазіргі заманның жетістіктерін пайдалан отырып, онлайн форматта әңгімелесулер, баяндамалар, курстар өткізуді тәжірибеге енгізу қолға алынууда.

Көтерілген мәселер бойынша ұсыныстар дауысқа салынып, бірауыздан төмендегідей шешім қабылданды.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Д.А. Жиентайдың өкілеттігі ұзартылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің 2020 жылға арналған жылдық жоспары нақтыланған нұсқада бекітілсін;
3. Мектеп қауіпсіздігін нығайту мақсатында дабыл кнопкасын орнату;
4. Қазіргі жағдайға байланысты (карантин) мектеп ата – аналары мен оқушыларына онлайн режимінде сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу бағытында семинарлар ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

 Жиентай Д.А.

1. Абдрахманова Ж.К. – кеңес мүшесі
2. Айтешова Г.К. – кеңес мүшесі
3. Жаканов Е.М. – кеңес мүшесі
6. Таубаева Ж.К. – кеңес мүшесі
7. Сарина Б.А. – кеңес мүшесі





«№48 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

№2 Қамқоршылық кеңес хаттамасы

Өткен күні: 25.03.2021ж

Қатысқан мүшелер саны: 8

Қатыспағандар саны: 1 (дәлелді)

Қаралған мәселелер:

1. Өткен отырыс бойынша қабылданған қаулылар бойынша.

Жауапты: ҚК төрағасы Д.Ә.Жиентай.

2. Оқушылардың жазғы демалысы мен еңбегін ұйымдастыру, мектептің мүдделі тараптармен оқушыларды жұмысқа орналастыру сұрақтарын шешу.

Жауапты: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.М.Кулбасова

3. Мектепте оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру шаралары (салтанатты жиын, мектеп бітіру емтихандары, мектеп бітірушілер кеші).

Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Ж.Жубатова

4. Мектептің материалдық-техникалық базасының жағдайы, оны одан әрі нығайтудың жолдары жөнінде.

Жауапты: директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Ж.У.Джумагулова

1. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Д.Жиентай сөз алып, дәлелді себептермен қатыса алмай отырған кеңес мүшелері туралы айта келіп, отырыста қаралатын мәселелер мен таныстырды. Өткен отырыстың қаулысында көрсетілген мәселелер толық орындалған. Мысалы: мектепке дабыл батырмасы орнатылған және ішкі істер жүйесіне қосылған. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша дөңгелек үстелдер және оқыту семинары ұйымдастырылған. Заң негіздер бойынша ақпарат берілген. Барлық мектеп мұғалімдері мен қызметкерлері Қалалық білім бөлімінің арнайы бұйрығымен таныстырылған.

2.Екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.М.Кулбасова сөз алды. Ол өз сөзінде: осы жылы мектеп оқушыларының жазғы тынығуын ұйымдастыру мақсатында алалық білім бөліміне сұраныс тапсырылды. Ол сұраныс бойынша маусым-шілде айларында мектеп оқушыларының демалысын қамтамасыз ету мақсатында мектепте 25 оқушыға арналған жазғы тынығу лагері және қала сыртында тынығуға аз қамтылған отбасы оқушылары арасынан 10 оқушы жоспарланды. Осыған қосымша 1-4 кластар аралығында спорт алаңқайы (80 оқушы), 5-8 кластар аралығында еңбек тынығу лагері (70 оқушы) қосымша ұйымдастыру көзделді.Осыған қажетті қаражатқа сұраныс берілді.Қала көлемінде 14 жасқа толған оқушыларды еңбекке араластыруға арналған табиғи-экологиялық топтарда өз тілегі бойынша 6 оқушыны орналастыру жоспарланды. Бірақ, бұның барлығы қаладағы, аймақтағы санитарлық жағдайға байланысты өзгеруі мүмкін - деп мәлімет берді.

3 .Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Жубатова сөз алды.Өл сөзінде: 2020-2021 оқу жылының 25 мамырда аяқталатыны бұйрықпен бекітілген.9-11 класс оқушылары қорытынды мемлекеттік емтихан тапсырады. Оның мерзімі пәндердің атауы ҚР Білім және ғылым министрлігінің оқу жылының аяқталуы туралы арнайы бұйрығында айтылады. Және өткізу форматы,ережесі қоса беріледі.Оқу жылының аяқталуына арналған « Соңғы қоңырау» салтантты жиыны 25 мамырда санитарлық жағдайға байланысты ҚББ-ның арнайы нұсқамасы негізінде өткізіледі. Ал мектеп бітіру кештері тек мектеп аумағында өткізіледі. Сауық-сайран, банкет өткізуге рұқсат берілмейді.Мектеп түлектері және олардың ата-аналарына осы талаптар ескертілді.

4. Төртінші мәселе бойынша мектеп шаруашылық меңгерушісі Ж.Джумагулова сөз алды.

-Қазіргі уақытта мектеп оқушыларының оқыту қашықтықтан және ішінара мектеп ғимаратында оқытылуына байланысты облыстық санитарлық врачтың нұсқамалары мен бұйрықтары негізінде оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа талаптарын орындау міндеттері тұр.Оған : кварц аппараттары, санитарлық кілемшелер, унитаизерлер, антисептиктер,оқушының дене температурасын анықтайтын тепловизорлар, қол жуғыш сұйық сабындар, салфеткалар, дезинфекциялық құралдар, қорғаныш құралдары (бетперде, қолғаптар, көз қорғағыштар, т.б.) кіреді.Қазіргі уақытта тепловизорларға, дезинфекциялық құралдарға келесі оқу жылына қажетті мөлшерін сатып алуға қаражат жоспарланды. Мектеп



ғимаратының ішкі бөлігіне 2019 жылы жеңіл жөндеу жұмысы жүргізілген болатын. Қазіргі таңда мектеп жылу қазандығына күрделі жөндеуге сметалық құжаттар даярлануда –деп сөзін аяқтады.

Қаулы:

1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруда санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінсін.


Жауапты: Қулбасова А.М.

2. Мектеп бітіру шаралары бекітілген ережелерге сәйкес өткізілсін.

Жауапты: Жубатова Ж.Ж.

3. Мектепті жаңа оқу жылына даярлауда косметикалық жөндеу жұмыстары уақытында ұйымдастырылып, құрылыс материалдарымен жабдықталсын.

Жауапты: Джумагулова Ж.У.

Кеңес төрағасы  Д.Жиентай

Кеңес хатшысы  А.Ердаулетова

Мектеп әкімшілігі ата – аналар комитеті, қамқоршылық кеңес мүшелерінің  
қатысумен өткізілген бірлескен отырыстың  
Хаттамасы №3а

18.08.2021ж

Қатысушылар:

1. А.К.Ильясов - Мектеп директоры
2. Ж.Ж.Жубатова – мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. М.Т.Индиева – мектеп әдіскері;
4. Д.Ә.Жиентай – қамқоршылық кеңес төрағасы;
5. З.А.Койшибаева – ата – аналар комитеті төрайымы.

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. 2021-2022 оқу жылына жаңартылған білім мазмұнына негізделген оқу жүйесін ұйымдастырудың құжаттарын талдау.

А.К.Ильясов  
Комиссия мүшелері

1. Мектеп директоры А.К.Ильясов сөз алып, жиналысты ашып «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021 – 2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өтті. Осы хаттың негізінде 2021 – 2022 оқу жылын ұйымдастыру бойынша осы жиналысқа қатысып отырған мектептің ата – аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі, мектеп әкімшілігі төмендегі мәселе бойынша шешім шығару қажет:

- 1.1. 2021 – 2022 оқы жылында білім берудің типтік оқу жоспарларына таңдау жасау.  
ҚР білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер енгізу туралы (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығы 1-4 класс, 5-9-10 класс үшін); ҚР Білім және ғылым министрінің 212 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген – 11 класс үшін); (2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығы үйден оқыту үшін); 2018 жылғы 4 қыркүйектегі ҚР Білім және ғылым министрі бекіткен №125 үлгілік оқу жоспарлары осы нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып таңдалынады.



- 1.2. Мектептің жұмыс режимін таңдау.  
5 күндік, 6 күндік
- 1.3. Сабақтың ұзақтығын белгілеу – 45 минут.
2. Мектеп директорының оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Ж.Жубатова сөз алып, үш мәселе бойынша өз пікірлерін айтты.
  - Сағат санына және әкімшілік пікірінше төмендегі типтік оқу жоспарларын бекітуге ұсынамын.  
1-4 кластар, 5-9-10 кластарда 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығында бекітілген жаңартылған білімнің типтік оқу жоспары.  
11 кластарда 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығында өзгерістер мен толықтырулар енгізілген типтік оқу жоспары бойынша министрліктен жалғастыруға нұқсау берілген.
  - Сабақ ұзақтығы 45 минут болғаны дұрыс.
  - Жұмыс режимі 6 күндікке ауыстырылғаны дұрыс.
3. Қамқоршылық кеңес төрағасы Д.Ә.Жиентай сөз алып, өз пікірін айтты.
  - Бірінші мәселе бойынша мектеп әкімшілігінің ұснысын қолдаймын.
  - Екінші мәселе бойынша сабақтың ұзақтығы 45 минут болағын дұрыс, министрліктің ұснысын қолдаймын.
  - Үшінші мәселе бойынша, қыс мезгілінде сабақтың 7-8 сағатқа ұзаруына байланысты оқушылардың үйлеріне қайтар кезеңі өте кеш болады. Ол қауіпті, автобус тоқтап қалады. Сондықтан 6 күн оқытылған дұрыс.
4. Ата – аналар комитетінің төрайымы З.А.Койшибаева сөз алып, өз пікірін айтты.
  - Бірінші мәселе бойынша мектеп әкімшілігімен келісемін.
  - Екінші мәселе бойынша сабақтың ұзақтығы 45 минут болағны дұрыс, шешімді қолдаймын.
  - Үшінші мәселе бойынша оқушылардың үйге қайтар кезде кеш болуына байланысты жұмыс режимі 6 күндік болғаны дұрыс, қолдаймын.

Мектеп директоры соңында сөз алып, осы пікірлерді дауысқа салуды ұсынды:

- Айтылған ұсыныстар дауысқа саланып, төмендегідей шешім қабылданды.

## Қаулы:

1. Білім беруде : 1-4 кластар, 5-9-10 кластарда 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығында бекітілген жаңартылған білімнің типтік оқу жоспары, 11 кластарда 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығында өзгерістер мен толықтырулар енгізілген типтік оқу жоспары қабылдансын;
2. 2021 – 2022 оқы жылында мектеп 5 күндік жұмыс режиміне көшірілсін;
3. 2021 – 2022 оқы жылында сабақтың ұзақтығы 45 минут болып белгіленсін.

А.К.Ильясов \_\_\_\_\_

Ж.Ж.Жубатова \_\_\_\_\_

М.Т.Индиева \_\_\_\_\_

Д.Ә.Жиентай \_\_\_\_\_

З.А.Койшибаева \_\_\_\_\_

Г.К.Арзакулова (хатшы)



«№48 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

№36 Қамқоршылық кеңес хаттамасы

Өткен күні: 12.09.2021ж

Қатысқан мүшелер саны: 8

Қатыспағандар саны: 1 (дәлелді)

Қаралған мәселелер:

1. Мектеп түлектерінің орналасуы туралы.

Жауапты: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.К. Уликпанова

2. «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы аясында арнайы категориядағы аз қамтылған отбасындағы балаларға көрсетілген көмек және жүргізілген жұмыстар туралы.

Әлеуметтік педагог: Е.С. Удин

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.М. Кулбасова сөз алды. Ол өз сөзінде төмендегідей мәлімет берді:

2020-2021 оқу жылында №48 орта мектебі бойынша негізгі орта мектепті бір 9 класс бойынша барлығы 24 оқушы аяқтады, оның қызы-11, ұлы-13. Орта мектепті бір 11 класс бойынша барлығы 17 оқушы аяқтады, оның қызы-9, ұлы-8. Оқушыларға оқу жылы бойы мамандық таңдауға байланысты жылдық жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар, мамандықтар туралы кездесулер, сынып сағаттары, психологиялық көмек көрсету жұмыстары жүргізілді.

9 класс бойынша 24 оқушының 11-і арнаулы орта білім беретін оқу орындарына тапсырып, грантқа түсті. 1 оқушы басқа мектепке ауысса, мектепте 10-шы класты 12 оқушы жалғастырып оқиды.

11 класс бойынша 17 оқушының барлығы оқуға түсті. Оның ішінде ЖОО-на 14 оқушы, оның 8-і ақылы, 6-уы грант иегері. Колледжге 3 оқушы тапсырып, 1-еуі грантқа, 2-уі ақылы бөлімге түсті.

- Жарыссөзге кеңес мүшелері қатысты. Олар өз сөзінде оқушылардың оқуға түсуінің 100% пайыз құрауы жақсы нәтиже. Бірақ, түлектердің өндіріс саласына, білім саласындағы оқу орындарына түсу мөлшерін

арттыру қажет. Қазір бұл мамандықтар сұранысқа ие. Осы мақсатта мамандық таңдау жұмыстарының бағыттарын өзгерту қажет деп ойлаймыз.

2. Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Е.С.Удин сөз алды. Ол өз сөзінде елімізде ковид-19 ауруының белең алуы оқу үрдісінің жүргізілуіне көп әсер етті. Өткен жылы барлық кластар қашықтықтан оқытылса, 2020-2021 жылы оқушылардың мектепте оқытылуы ішінара ұйымдастырылды. Бірақ қатаң санитарлық тәртіпті сақтай отырып, негізгі сабақ беру үрдісі жүргізілді. Әрбір класс өз кабинетінен шықпай басқа класс оқушыларымен көп кездеспеу, ара қашықтықты сақтау талабы негізінде білім беру ұйымдастырылды. Күз айында ыстық тамақ беру жұмысы жолға қойылды. Елімізде, дүние жүзінде санитарлық жағдай тұрақталды. Ыстық тамақпен барлық АСП алатын арнайы категориядағы отбасы оқушылары қамтылды. Мектеп формасы бойынша Білім және ғылым министрлігі мектептерде бекітілген оқу формаларын сақтаудың талабын оңайлатып, қосымша №26 бұйрықта көрсетілген оқу формаларын таңдауға, киуге рұқсат берді (үсті ақ, асты қара киімдер). Қараша желтоқсан айларында мемлекеттік қаржыландыру жоспарының 414 ерекшелігінде жоспарланған қаржы көлемінде тиісті категориядағы оқушыларға өз сұраныстары бойынша қысқы, күзгі киім-кешектер алынып беріледі. Қазіргі кезде құжаттар жасақталуда.


Қаулы:


1. Мектеп түлектерімен мамандық таңдауда өндіріс, білім бағытында насихаттау жұмыстары үстемдікпен ұйымдастырылсын.

Жауапты: класс жетекшілер

2. Арнайы категориядағы оқушыларды мұқтаж киім – кешектермен толық қамту ұйымдастырылсын.

Жауапты әлеуметтік педагог Е.С.Удин

Кеңес төрағасы  Д. Жиентай

Кеңес хатшысы  Г. Арзакулова